

## **Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметі арасындағы ядролық отын циклі кәсіпорындарын интеграциялау туралы Келісім**

Келісім Москва қаласы 1998 жылғы 6 шілде. 1998 жылғы 6 шілдеде күшіне енді.

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметі,

1992 жылғы 25 мамырдағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы Шартты негізге ала отырып, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер Үкіметтері арасындағы 1992 жылғы 26 маусымдағы атом энергиясын бейбіт мақсаттарға пайдалану саласындағы ынтымақтастықтың негізгі принциптері туралы Келісімді және 1993 жылғы 23 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметі арасындағы ядролық энергияны бейбіт мақсаттарға пайдалану саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді басшылыққа ала отырып, 1968 жылғы 1 шілдедегі ядролық қаруды таратпау туралы Шарттың ережелерін нығайтуды екі жақтың да ұстанатынын растай отырып, Қазақстан Республикасы ядролық қаруды иеленбейтін мемлекет ретінде ядролық қаруды таратпау туралы Шартқа қосылуы жағдайын ескере отырып, атом энергиясын пайдалану саласындағы ынтымақтастықты одан әрі кеңейту мүдделеріне сүйене отырып және Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясымен ядролық отын кәсіпорындары кооперациялық байланыстарының тиімділігін дамыту және арттыру мақсатында төмендегілер туралы келісті:

### **1-бап**

Тараптар екі Жақтың атом станциялары үшін ядролық отын өндіруді дамытуға бағытталған техникалық және инвестициялық жобаларды бірлесе әзірлеуді және бірлесіп өндірілген ядролық отынның әлемдік рынокта бәсекелестік қабілетіне қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

### **2-бап**

Тараптардың осы Келісімнің орындалуына жауапты құзырлы органдары:  
Қазақстан Жағынан - Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрілігі.

Ресей Жағынан - Ресей Федерациясының атом энергиясы жөніндегі министрлігі:

Мүлік және мүліктік құқықтарға қатысты мәселелерді реттеу Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі өкілетті органдарына жүктеледі.

### **3-бап**

Тараптар ядролық отын циклі саласындағы интеграциялық процестер дамытуды  
қ а ж е т д е п с а н а й д ы .

Осы мақсатта Тараптар отындық таблеткаларды өндіру мен іске асыруды "ТВЗЗП" ашық акционерлік қоғамы (Ресей Федерациясы) мен "Казатомөндіріс" ұлттық атом компаниясының (Қазақстан Республикасы) "Ұлба металлургиялық зауыты" ашық түрдегі қайта ұйымдастырылған акционерлік қоғамы жарғылық капиталына бірлесе қатысу жолымен ұзақ мерзімді стратегиялық ынтымақтастық орнатады.

Тараптар "ҰМЗ" АТАҚ салық салу, кедендік реттеу, лицензиялау мен баға қалыптастыру мәселелері бойынша қызметінің қолайлы режимін қолдау үшін Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы заңдарына сәйкес іс-әрекет жасайды.

### **4-бап**

Тараптар Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы ядролық-энергетикалық кешені кәсіпорындары базасында теңдей қатысу үлесімен уран шығаратын бірлескен кәсіпорындар құру және іске қосуға жәрдемдеседі. Бірлескен кәсіпорындар құру мен оны іске қосу шарттары және тәртіптері Тараптардың заңдарына сәйкес кәсіпорындар арасындағы келісімдермен анықталады.

### **5-бап**

Осы Келісімді түсіндіру және қолдануға байланысты туындайтын келіспеушіліктер өзара консультациялар мен келіссөздер арқылы немесе Тараптар уағдаласуына қарай басқа процедуралар көмегімен шешіледі.

### **6-бап**

Осы Келісім аясындағы ынтымақтастық Тараптардың заңдарына сәйкес жүзеге асырылады. Осы Келісім Тараптардың бұрынырақта үшінші елдермен жасасқан шарттарынан туындайтын құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

### **7-бап**

Осы Келісім қол қойылған уақытынан бастап күшіне енеді де осы Келісімнің 1, 3 және 4-баптарында көзделген жұмыстар кешені толық аяқталғанға дейін қолданыста

б о л а д ы .

Осы Келісім Тараптардың біреуі оның күшін тоқтатқысы келетіні туралы дипломатиялық арналар арқылы жазбаша ескерту жібергеніне алты ай толғаннан кейін  
б а р ы п к ү ш і н ж о я д ы .

Мәскеуде 1998 жылғы 6 шілдеде екі данада, әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде жасалды, сондай-ақ барлық мәтіндердің де күші бірдей.

(Қолдары)

М а м а н д а р :

Қ а с ы м б е к о в Б . А .

Багарова Ж.А.